

Конверсияланатын қуаттарда мұнайгаз өндірілетін сала мен су тазартуға арналған жабдық жасап шығару жөнінде бірлескен кәсіпорын үйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 маусым N 684

Қазақстан Республикасы экономикасының мұнайгаз саласын импорттың орнын басатын жабдықпен қамтамасыз ету, мұнайгаз ресурстарын кешенді игеру мен ұқсатуға арналған жаңа технологияларды тарту, "Зенит" Орал зауыты" акционерлік қоғамының конверсияланып жатқан қуаттарын жұмыспен қамту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Орал қаласында "ПЕПЕ Интернэшнл ИНК." америка компаниясымен бірлесіп мұнай мен газды тасымалдауға әзірлеуге арналған жабдық, сондай-ақ мұнайгаз өндіру және су тазарту жабдығын шығару жөнінде өндіріс құру мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетпен бірлесіп құрылып жатқан кәсіпорындағы Қазақстан жағының мемлекеттік үлесінің құрамы мен мөлшерін белгіленген тәртіппен айқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 41-бабына сәйкес Қазақстан аумағында мұнай мен газды барлаумен, өндірумен, тасымалдаумен, сактаумен және ұқсатумен байланысты қызметті жүзеге асыратын компанияларға американ-қазақстан бірлескен өндірісінің мұнайгаз жабдықтарын олар бәсекелестік

қабілеті болып, халықаралық стандарттарға сәйкес келген жағдайда басымдықта сатып алу ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК